

ТІЛ БІЛГЕН – ЕЛ БІЛЕДІ

Бүгінгі жас буын өкілдері терең білімді, шет тілдерін меңгерген бесаспап маман болуы мемлекет ертеңі үшін ауадай қажет. Алайда «Елдіктің жеті тұғыры» атты қағидаттар жиынтығында «Мемлекеттік тілді білу, ұлттық құндылықтарды қадірлеу - әр азаматтың парызы, Қазақстанның келешегі - қазақ тілінде» делінген.

Ал Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақ тілі, шын мәнінде білім мен ғылымның, мәдениет пен іс жүргізудің тіліне айналуға. Бүгінгі күнде мемлекеттік тілді қолдану аясы кеңейіп келеді. Бұл заңды құбылыс, өмірдің басты үрдісі» деген болатын.

Ұлттың алтын діңгек арқауы, рухани өмір - тіршілігінің өзегі, қадір-қасиетінің қалқаны - ана тілі. Ол - ұлтымыздың ар-намысының мөлдір айнасы. Халықтық қалпымыз да,

дәстүр-салтымыз да тіліміз арқылы сақталып, бүгінге жетті. Сондықтан, ана тіліміз біздің тарихымыз ғана емес, болашақ тағдырымыз.

Елге қызмет етемін дейтін азамат, алдымен тілге қызмет ету керек. Бұл - уақыт талабы, мемлекетіміздің тәуелсіздігі мен ұлттық қауіпсіздігіміз үшін маңызды қадам. Қазақстан халқын жұмылдырып, ұлтымызды ұйытып, ұлысқа үстін болған қасиетті қазынамыз - тіліміз. Қазақ елінің тіл-мәдениетін дамы-

туға, оны дәріптеуге, құрметтеуге деген көзқарасы күн сайын артуда. Бұған дәлел мемлекеттік тілге деген сұраныс біртіндеп өсіп желе жатқаны. Ана тіліміз мемлекеттік тіл деңгейіне көтеріліп қана қоймай, мемлекет пен қоғамды ұйымдастырушы, біріктіруші күшке айналды.

Қазіргі жастарымыз заман талабына сай тек қана өз ана тілін емес, сонымен қатар өзге тілдерді де игеру керек. Бұған мысал ретінде М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университеті, филология факультеті, «Заманауи тілдер және аударматану» кафедрасында «Шет тілі: екі шет тілі», «Шетел филологиясы», «Аударма ісі» мамандықтары студенттеріне әлем тілдері: ағылшын, неміс, француз, итальян, кәріс және қытай тілдері оқытылады. Тілді тыңғылықты үйренудің арқасында студенттеріміз халықаралық, республикалық және өңірлік конкурстар мен тілдік олимпиада, дебаттарда жеңімпаз болып қайтуды. Уни-

верситетіміздің шетелдік Жоғары Оқу орындарында академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша бірқатар студенттеріміз биылғы оқу жылында Польша, Румыния, Корея және Түркия елдерінде оқып келді. Осындай жетістіктерге жетуге кафедра профессор-оқытушыларының қосқан еңбегі орасан зор.

Қорыта айтқанда, «білекті бірді жығар, білімді мыңды жығар» дегендей, жастарымыз тек біліммен ғана өз елінің жан-жақты өсіп өркендеуіне үлесін қоса алады. Ол үшін масылдықтан арылып, тынбай еңбектену қажет.

**Э.ХАЛМИРЗАЕВ,
К. ХАЛМИРЗАЕВА,
М.Әуезов атындағы
Оңтүстік Қазақстан
Университеті, филология
факультеті, «Заманауи
тілдер және
аударматану»
кафедрасының
аға оқытушылары**